

Ғажайып білім әлемі

АМИРТАЕВА ЖАДЫРА ЕСБОЛАТҚЫЗЫ

Шымкент қаласы

«Атамекен» бөбекжай бақшасы

Ортаңғы топ тәрбиешісі

Педагогтың аты-жөні		
Білім беру саласы	Таным	
Бөлім	Математика негіздері	
Тақырыбы	«Ғажайып білім әлемі»	
Мақсаты:	Сандарды санау, салыстыру, геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін, қиялын, есте сақтап түсіну, сұрақтарға толық жауап беру дағдысын қалыптастыру. Балалардың білімге деген қызығушылығын арттыру, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.	
Сөздік жұмыс	Ғажайып, әлем, буратино	
Көптілді компонент	қызыл-красный-red, көгілдір-голубой-blue	
Ресурстар	Буратино, бау-бақша, жұмбақтар аялдамасы, геометриялық пішіндер.	
Барысы		
ҰОҚ кезендері	Тәрбиешінің қызметі	Тәрбиеленушінің қызметі
Кіріспе бөлім	<p>Балалар қараңдаршы, бізге қонақтар келіпті, қане алдымен сәлемдесіп алайық.</p> <p>Шаттық шеңбер. Бәріміз енді тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық Жақсы – жақсы сөздерді, Қонақтарға сыйлайық! Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз.</p> <p>Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, менің қолымнан не көріп тұрсыңдар? Тәрбиеші: Қане, балалар жүрегімізден шығарып жылы сөздер айтайықшы. Тәрбиеші: Балалар сендер бір-біріңнің</p>	<p>Балалар тәрбиешімен амандасады, жылу жық шеңберінде бір-біріне лебіздерін білдіреді. Шеңберге тұрып қимыл қозғалыс жасайды</p> <p>Балалар: Жүрек</p> <p>Балалар: Аспанымыз ашық болсын Күніміз</p>

	<p>қолдарыңнан ұстап тұрғанда нені сезесіңдер? Тәрбиеші: Жақсы балалар бүгінгі күнімізді мейіріммен, қуанышпен бастайық.</p>	<p>жарқын болсын Еліміз тыныш болсын! Балалар: Жылулықты, мейірімділікті, достықты.</p>
<p>Негізгі бөлім</p>	<p>Тәрбиеші: Балалар қазір жылдың қандай мезгілі? Күздің қандай айы ? Балалар күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? Балалар біздер күзді неге алтын күз, жомарт күз деп атаймыз? Жарайсындар балалар , ал қараша айын неге қоңыр күз дейміз? Тәрбиеші: Жарайсындар балалар, олай болса күз туралы кім тақпақ айтып береді, кім күз туралы тақпақ біледі? Буратино: Сәлеметсіңдер ме балалар Буратино: Балалар осы жер «Ғажайып білім әлемі ме» Тәрбиеші: Жоқ Буратино, бұл жер балабақша. Буратино: Балалар мен алтын кілтімді жоғалтып алдым,кім алып кеткенін білмеймін. Маған көмектесіңдерші. Кілтімді іздеп келе жатып, жолда ақ тиінді көріп едім, кілтіңді «Ғажайып білім әлеміне» барсаң табасың деді. Мен «Ғажайып білім әлеміне »қалай барсам екен баратын жолды таба алмай адасып, осы топқа кіріп кетіппін. Маған баратын жолды көрсетіп жібересіңдер ме? Тәрбиеші: Еш уайымдама, Буратино. Қане балалар Буратиноға көмектесеміз бе? Тәрбиеші: Олай болса, балалар, Буратиноны ертіп, жол көрсетіп, «Ғажайып білім әлеміне» бізде саяхатқа шығып қайтайық. Саяхатқа шығамыз ба? Тәрбиеші: Балалар саяхат кезінде бізге әртүрлі қиындықтар кездеседі, сол қиындықтарды бірге жеңе білейік. Ол үшін бір- бірімізді сыйлап ,</p>	<p>Балалар: Күз мезгілі Қараша айы Күз мезгілінде күн суытып салқындайды, кейде жаңбыр жауады, жел соғады, жер балшық болады, құстар жылы жаққа ұшып кетеді, адамдар жылы киіне бастайды. Күзде өсімдіктер, астықтар піседі, көкөніс пен жеміс жидектер көп болады. Жаңбыр жиі жауады, ауа райы салқындайды, жапырақтар жерге түсіп, қурайды.</p>

	<p>(Қақпаның аузында , Буратиноның алтын кілті тұрады.) Қақпаның үстіңгі жағында «Ғажайып білім әлемі» деген жазуы бар. Тәрбиеші : Балалар қараңдаршы біз алтын қақпаға да келіп қалыппыз. «Ғажайып білім әлемі» деген осы жер балалар. «Ғажайып білім әлемі» бізге ең бастысы білім сыйлады. Біз бәріміз бірігіп, қызықты тапсырмалар орындадық, Буратиноға кілтін табуға көмектестік. Буратино: Балалар сендерге көп-көп рахмет. Сендер маған «Ғажайып білім әлеміне» баратын жолды көрсетіп, алтын кілтімді табуға көмектестіңдер,көптеген тапсырмалар орындадыңдар.Өмірде тек білімді емес, қайырымды балалар екендеріңді көрсеттіңдер. Мен осындай «Балбөбек» балабақшасының тапқыр, ақылды, білімді балаларының барына қуанып тұрмын. Тәрбиеші: Міне балалар Буратиноға көп көмек көрсеттіңдер. Кілтін табуға көмектестіңдер. Өздеріңнің ұшқыр ойларыңды , тапқырлықтарыңды, қиындықтан қорықпайтыңдарыңды көрсеттіңдер.Осымен «Ғажайып білім әлеміне» саяхатымыз аяқталды, енді өзіміздің тобымызға оралайық.</p>	<p>Балалар: Көпір керек</p> <p>Балалар жемістерді талға іледі, көкөністерді жерге отырғызады.</p>
<p>Қорытынды бөлім</p>	<p>Балалар сендерге саяхат ұнады ма? Сендер саяхатқа қайда бардыңдар? Біздер кімге көмектестік? Өте жақсы балалар, енді қол ұстасып, бір-біріміздің жүрек жылуымызды сезініп, бүгінгі саяхатымызды аяқтай отырып, қонақтар мен қоштасайық Қол ұстасып тұрайық Шеңберді біз құрайық, Көріскенше күн жақсы, Сау- саламат болайық. Сау болыңыздар!</p>	<p>Ия ұнады. Қуанады .</p>

Кеңістікте бағдарлау

ПШАЕВА АДЕМА ЖУМАБЕКҚЫЗЫ

Шымкент қаласы

«Атамекен» бөбекжай бақшасы

Мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі

Тобы/сыныбы: Мектепалды даярлық		
ҰОҚ: Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру		
Тақырыбы:Кеңістікте бағдарлау		
Бөлім	1.Кеңістікте бағдарлау.	
Бөлімше	1.1. Заттардың кеңістікте орналасуы	
Оқу мақсаты:	0.1.1.2 Кеңістікте бағдарлануы: сол жақ, оң жақ, үстінде, астында, алдында, артында	
ҰОҚ мақсаты:	Заттардың кеңістіктегі орнын анықтай біледі. Кеңістікті бағдарлауды ажыратады (сол жақ,оң жақ,үстінде,астында,алдында,артында)	
Дағдылар:	Түрлі белгілері бойынша объектілерді жіктей алады;сол арқылы кеңістік қатынасын меңгерген; логикалық ойлау тәсілдеріне ие.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер:	Ойындар Диалог және сұрақ – жауап «Бағдарла» әдісі	
Ресурстар, дамытушы орта:	«Ойыншықтар.Суреттер.Слайдтар. Слайд https://infourok.ru .	
Жоспарлау		
ҰОҚ кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Балалардың әрекеті
Сабақтың негізгі бөлігі (18мин.)	1.Тапсырма «Не қайда тұр?» кеңістікте бағдарлау ойыны.Суреттегі аңдардың орнын анықтайды	Алма ағашының үстінде тиін,астында кірпі,алдында қоян,артында түлкі тұрғанын анықтайды.

-Айтыңдаршы,ағаштың алдында қандай аң тұр?
-Ағаштың артында қай аң тұр?
-Ағаштың үстінде қандай аң тұр?
-Ағаштың астында қай аң тұр?

Жұптық жұмыс:
Үстел үстіндегі үй макетінің қасындағы аңдар ойыншығының орнын анықтайды
Дарынды балаларға табиғат суреті беріледі.

-Мектепке келу үшін сен қалай келесің?
-Сендердің үйлеріңнің оң жағында не бар?

2.Тапсырма.Слайд.Оң мен солды көрсету.
-Балалар киім кигенде, аяқ киім кигенде қай жақтан бастап киеміз?

3.Тапсырма.Ойын «Кім қайда отыр?»
Сыныптағы бір баланың оң және сол жағында, алдында немесе артында кім отырғанын анықтау.
-алдында,артында отырған кім?
-оң,сол жағында отырған кім?



Берілген суреттерге қарай кеңістікте

бағдарлайды




-Өздерінің қалай келетінін айтады (үйден шығып оңға, кейін солға,содан кейін тағы солға бұрылып келемін)
-естеріне түсіріп,айтады

Слайдқа қарап оң мен солды айырады

-Оң жақтан бастап киеміз



Қарайды,атайды,анықтайды

<p>Сабақтың қорытынды бөлімі (4мин)</p>	<p>Не істедік? Не көрдік? Не білдік?</p> <p>«Бағдаршам» әдісі Өзін-өзі бағалау</p> <p>Бағалау. Жұлдызшалар арқылы бағалау.</p>	 <p>Қойылған сұрақтарға толық жауаптар қайтарады</p> <p>Балалар өз парталарындағы қызыл, сары, жасыл түсті стикерлердің біреуін көтереді</p>
---	--	--

ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ПІШІНДЕР

ИБРАЕВА АИЗА ТАШКЕНБАЕВНА

Шымкент қаласы

«Атамекен» балабақшасы

Ересек топ тәрбиешісі

Білім беру салалары: таным, шығармашылық.

Бөлімі: Математика негіздері.

Мақсаты: геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту: шеңбер, шаршы, үшбұрыш.

Міндеттері: геометриялық пішіндер үлгілерін қимақағаздағы бейнесінің үстіне салып қарауға жаттықтыру; қоршаған ортадан басқа да геометриялық пішіндерге ұқсайтын заттарды таба білуге үйретуді жалғастыру; геометриялық пішіндер белгілерін ажырата білу және атау білігін бекіту; пішінді оң қолымен алып, солдан оңға қарай қойып шығу білігін дамыту; «теңбе-тең» сөзін қолдануды үйрету; заттар мен пішіндерді көру-қозғаусезу тәсілдерімен зерттеу білігін дамыту; бақылағыштығын, назар аударуын тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: геометриялық пішіндерді ажыратады және атайды: шеңбер, шаршы, үшбұрыш; «сонша, неше...», «теңбе-тең» терминдерін;

түсінеді: қоршаған ортадағы кейбір заттар геометриялық пішіндерге: шеңбер, шаршы және үшбұрышқа ұқсайтынын; қолданады: тапсырманың дұрыс орындалғанын тексеру үшін заттарды оңнан солға қарай үстіне қою әдісін қолдануды; жапсырмамен жұмыс жасау дағдысын, ұқсас заттарды табу дағдысын.

Құрал-жабдықтар мен материалдар: шаршы, шеңбер, үшбұрыш макеттері; «геометриялық пішіндер карточкасы»; әуен, құрсаулар – 3; геометриялық пішіндер салынған табак; үлестірмелі материалдар: жұмыс дәптері, жай қарындаш және жапсырмалар.

Сөздік жұмыс: шеңбер, үшбұрыш, шаршы.

Билингвальды компонент: шеңбер – круг, үшбұрыш – треугольник, шаршы – квадрат.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі. Педагог: Бүгін біз геометриялық пішіндер еліне қонаққа аттанамыз. Келісесіңдер ме? Онда аттанамыз.

2. Негізгі кезең. «Шешуін тап және ата» ойыны.

Педагог жұмбақ жасырады: Дөңгелек дөңгелейді, Доңғалақ доңғалайды. Олар неге ұқсайды? Әрине, бұл ... (Шеңбер)

Сұрақтар қояды:

–Шеңберден басқа қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер?

Фланелеграфпен жұмыс істеу.

Педагог фланелеграфта ілулі тұрған әр геометриялық пішіндерді көрсетіп сұрайды.

–Мынау қандай геометриялық фигура?

Не нәрсе шеңберге ұқсас болады?

Не нәрсе үшбұрышты болады?

Не нәрсе шаршы болады?

Балалардың назарын суреттегі карточкаға аударады

– жоғары жақта қанша шаршы болса, төменгі жағына солдан оңға қарай сонша шаршы орналастыру керек. Соны көрсетеді.(4 шаршы)

«Өзіңнің карточкаңа жапсыр» ойыны.

Жұмыс дәптері, 1-тапсырма. Педагог балаларға жоғарғы жолақта қанша геометриялық пішін болса, төменгі жаққа сонша геометриялық пішін жапсыруға тапсырма береді.

Сұрақтар қояды: Төменгі жағына неше шаршы орналастырдыңдар? Төменгі жағында неше шаршы болды?

Содан кейін төменгі жағына жоғарғы жағында неше дөңгелек болса, сонша дөңгелек жапсыруды ұсынады. (2 шеңбер).

Төменгі жағына неше шеңбер жапсырасыңдар?

Тағы да жоғарғы жағында неше үшбұрыш болса, төменгі жағына сонша үшбұрыш жапсыруды ұсынады (3 үшбұрыш).

Төменгі жағына неше үшбұрыш жапсырасыңдар?

Олар нешеу болды? Балалар тапсырманы орындайды.

Педагог балалар тапсырманы дұрыс орындағандарын тексереді, жеке жұмыс жүргізеді.

Сөздік жұмыс: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы.

Билингвальды компонент: дөңгелек – круг, үшбұрыш – треугольник, шаршы – квадрат.

Қимылды ойын: «Өз үйінді тап» Кілем үстінде әр құрсаудың ішінде бір геометриялық пішіндерден: шеңбер, шаршы, үшбұрыш жатыр. Педагог балаларға табақтан бір геометриялық пішіндерден алуды ұсынады. Әуенді қосады. Кілем үстінде жүруді ұсынады. Әуен тоқтағанда, әрқайсысы өз үйіне жүгіріп кіруі тиіс (құрсау ішіне): қолында шеңбер барлар, шеңбер жатқан құрсауға, 76 қолында үшбұрыш барлар, үшбұрышқа, қолында шаршы барлар, шаршы жатқан құрсауға жүгіреді. Педагог балалардың дұрыс өз үйіне кіргенін тексереді. Содан кейін тағы әуенді қосады, балалар бұл кезде пішіндерді қайта табаққа салып, әуен аяқталғанда өз орындықтарына отыра қалады.

Ойын: «Заттар қандай геометриялық пішіндерге ұқсайды?»

(2-тапсырма). Балаларға суреттерді қарап, онда бейнеленген заттарды атауды сұрайды. Геометриялық пішіндеріне оларға ұқсайтын заттарға дейін сызып қосуға тапсырма береді. Балалар тапсырманы орындайды. Педагог балалар тапсырманы дұрыс орындағандарын тексереді, жеке жұмыс жүргізеді.

3.Рефлексия. Педагог қорытынды жасайды. Топ ішіндегі геометриялық пішіндерге (шаршы, шеңбер және үшбұрыш) ұқсайтын заттарды табындар. Үш баланы шақырып, біреуіне топ бөлмесінен шеңберге ұқсайтын затты, екіншісіне шаршыға ұқсайтын затты, ал үшіншісіне үшбұрышқа ұқсайтын затты алып келуді өтінеді.

Атомның құрамы мен құрылысы

МАХМУДАЕВА РАЗИЯ ПОЧТАНОВНА

*Атырау қаласы №24 орта мектептің
химия пән мұғалімі*



Бөлім:	7.2А Атомдар. Молекулалар. Загтар
Педагогтің аты-жөні:	Махмудаева Разия Почтановна
Күні:	23.11.2023
Сыныбы:7А	Қатысушылар саны: 25 Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Атомның құрамы мен құрылысы.
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	7.1.2.5 –протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын зарядын білу
Сабақтың мақсаты:	<i>Барлық оқушылар үшін:</i> Атомның құрамы мен құрылысын біледі <i>Көпшілік оқушылар үшін:</i> Білім алушылар p^+ , n^0 , e не екенін біледі <i>Кейбір оқушылар үшін:</i> массасын зарядын біледі

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту 2 мин.	Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен сәлемдесу. Топтастыру. Әр топқа топ басшысына бағалау парағы таратылады.	Оқушыларды топтарға біріктіруді ұйымдастыру: « Рандом шеңбері » әдісі көмегімен оқушыларды 3 топқа біріктіру. I – Электрон тобы II – Протон тобы III – Нейтрон тобы	Мақсаты: оқушылар бойында тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын	Flippity.net платформасы « Рандом шеңбері » әдісі

			теңестіру. Тиімділігі: оқушыны бір-біріне жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады.																									
Үй тапсырмасын тексеру. 3 мин	<p>1.« Барабан» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Оқушыларға жалпылама төмендегі сұрақтар және жаттығу түрлері беріледі.</p> <p>2.Сәйкестендіру Оқушылар тапсырмаларды орындағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы,</p>	<p>.« Барабан» әдісі. Сұрақтар 1.Атом дегеніміз не? 2. Молекула дегеніміз не? 3.Химиялық элемент дегеніміз не? 4.Жай заттар дегеніміз не? 5.Күрделі заттар дегеніміз не?</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Элементтің аты</th> <th>Элемент таңбасы</th> <th>Оқылуы</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Сутек</td> <td>S</td> <td>эс</td> </tr> <tr> <td>Күкірт</td> <td>Cu</td> <td>силиций</td> </tr> <tr> <td>Азот</td> <td>P</td> <td>купрум</td> </tr> <tr> <td>Кремний</td> <td>H</td> <td>аш</td> </tr> <tr> <td>Мыс</td> <td>Si</td> <td>эн</td> </tr> <tr> <td>Фосфор</td> <td>Zn</td> <td>цинк</td> </tr> <tr> <td>Мырыш</td> <td>N</td> <td>пэ</td> </tr> </tbody> </table>	Элементтің аты	Элемент таңбасы	Оқылуы	Сутек	S	эс	Күкірт	Cu	силиций	Азот	P	купрум	Кремний	H	аш	Мыс	Si	эн	Фосфор	Zn	цинк	Мырыш	N	пэ	<p>Мақсаты: Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту. Тиімділігі: оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді. Дескриптор: Химиялық элементтің атауын оның таңбасымен және</p>	<p>Қалыптастырушы бағалау: Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.</p>
Элементтің аты	Элемент таңбасы	Оқылуы																										
Сутек	S	эс																										
Күкірт	Cu	силиций																										
Азот	P	купрум																										
Кремний	H	аш																										
Мыс	Si	эн																										
Фосфор	Zn	цинк																										
Мырыш	N	пэ																										
3 мин																												

	мақсатымен таныстырады		оқылуымен сәйкестендіре ді-2б																			
Жаңа сабаққа кіріспе. 8 мин	Жаңа сабақты видео көрсетілім арқылы тыңдайды.	Оқулықтағы тірек сөздермен танысып, өз дәптерлеріне жазып алады. https://youtu.be/MBH969HmoDE		Презентация https://youtu.be/MBH969HmoDE																		
Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. Топтық жұмыс 5 мин	Тапсырма «Тарсия» әдісі.	Оқушылар топпен жұмыс жасайды file:///C:/Users/Admin/Desktop/7%20%D1%81%D1%8B%D0%BD%D1%8B%D0%BF%20%D0%90%D1%88%D1%8B%D2%9B%20%D1%81%D0%B0%D0%B1%D0%B0%D2%9B/tarsia%20(6).pdf tarsia (6).pdf	Дескриптор: Жалпы – 3 балл -атом құрамы мен құрылысын оқып-үйренеді; -Атомның құрамын анықтай алады -1б -нейтронды анықтай алады-1б -электрон мен протон сандарын таба алады-1б	ДК экраны																		
Жұптық жұмыс 6 мин	«Сәйкестендіру тесті» әдісі арқылы есептер шығару. Оқулықтағы кесте бойынша электрон протон нейтрон сандарын	<table border="1"> <tr> <td>K</td> <td>7e, 7p, 7n</td> </tr> <tr> <td>S</td> <td>19e, 19p, 20n</td> </tr> <tr> <td>N</td> <td>16e, 16p, 16n</td> </tr> <tr> <td>O</td> <td>11e, 11p, 10n</td> </tr> <tr> <td>Mg</td> <td>12e, 12p, 12n</td> </tr> <tr> <td>F</td> <td>11e, 11p, 11n</td> </tr> <tr> <td>U</td> <td>92e, 92p, 92n</td> </tr> <tr> <td>B</td> <td>5e, 5p, 5n</td> </tr> <tr> <td>C</td> <td>6e, 6p, 6n</td> </tr> </table>	K	7e, 7p, 7n	S	19e, 19p, 20n	N	16e, 16p, 16n	O	11e, 11p, 10n	Mg	12e, 12p, 12n	F	11e, 11p, 11n	U	92e, 92p, 92n	B	5e, 5p, 5n	C	6e, 6p, 6n	Дескриптор: - электрон, протон, нейтрон сандарын таба алады-1б	ДК экраны
K	7e, 7p, 7n																					
S	19e, 19p, 20n																					
N	16e, 16p, 16n																					
O	11e, 11p, 10n																					
Mg	12e, 12p, 12n																					
F	11e, 11p, 11n																					
U	92e, 92p, 92n																					
B	5e, 5p, 5n																					
C	6e, 6p, 6n																					



	табу	$N = A_r - Z,$ A_r — химиялық элементтің салыстырмалы атомдық массасы, Z — оның реттік нөмірі (протон саны), N — нейтрон саны.		
Жеке жұмыс 6 мин	«Qr код» әдісі. Топ басшылары орындайды.		Дескриптор: - электрон, протон, нейтрон сандарын таба алады-1б	ДК экраны
Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 7 мин.	Қорытындылау. Жеке жұмыс. «Сертификат» әдісі. Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. Үйге тапсырма беріледі.	Жеке жұмыс «Сертификат» әдісі. https://www.flippity.net/cq.php?k=11QYQA60C4ZLYmKpG5CuWVTnMHGDmW_7y3BOozxLP_d8 Кері байланыс Ватсап арқылы кері байланыс алынады. 1. Сабақта ұнағаны 2. Сабақ туралы айтарым бар 3. Достарыммен бөлісемін 4. Есіме сақтадым	Мұғалім оқушыларды «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалайды. Жарайсың! Жақсы! Талпын! Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.	



Бұрыштарды өлшеу

СЛАН АЙДАНА САПАРҒАЛИҚЫЗЫ

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы
«Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясы»
Бастауыш сынып мұғалімі

Бөлім:	Үшбұрыш. Симметрия.			
Пән:	Математика			
Тәжірибе жинақтаушы:				
Күні:				
Сынып: 4	Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:			
Сабақтың тақырыбы:	155-сабақ. Бұрыштарды өлшеу			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	4.3.1.5 - фигуралар салуды жазық фигураларға оське қатысты симметриялы болатын фигуралармен толықтыру; бұрыштың шамасын табу			
Сабақтың мақсаты:	Фигуралар салуды жазық фигураларға оське қатысты симметриялы болатын фигуралармен толықтырады; бұрыштың шамасын табады			
Сабақ барысы:				
Сабақ кезеңі/ уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі Сабақтың басы: 3-4 минут	Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу. Психологиялық ахуал Саған есеп үйреткен, Пәнге қара құрметпен, Санды тура табатын. Математика пәні болатын. Математиканы оқимыз. Миға бәрін тоқимыз. Жаңа сабақ Оқулықпен жұмыс.	Сәлемдеседі, түгелденеді. -мұғаліммен бірге өлеңді қайталайды.	Кері байланыс: «Жүректен жүрекке» әдісі Бағалау	

	<p>Дескриптор: Бұрыштарды өлшеп, олардың градустық өлшемі мен атауын тауып жазады. +1 балл.</p> <p>Сергіту сәті. https://youtu.be/IS-fj8xXNYw?si=5bPNROmVaUuXhKHk</p> <p>5-тапсырма. Транспортирдің көмегімен балалар қиялындағы үйдің сызбасындағы бұрыштарының өлшемін анықтайды.</p>  <p>Дескриптор: үйдің сызбасындағы бұрыштарының өлшемін анықтайды. + 1 балл.</p> <p>6-тапсырма. Жұптық жұмыс. 5 минуттың ішінде есепті шығару.</p> <p>Дескриптор: 5 минуттың ішінде есепті шығарады, дәптер</p>	<p>Бұрыштарды өлшеп, олардың градустық өлшемі мен атауын тауып жазады.</p> <p>Видеоға қарап, сергіту сәтін жасайды. Ритмді барлық оқушы қайталайды.</p> <p>Транспортирдің көмегімен балалар қиялындағы үйдің сызбасындағы бұрыштарының өлшемін анықтайды.</p>	<p>Бағалау парағы арқылы өз-өзін бағалайды.</p> <p>Мақтау-мадақтау әдісі арқылы бағалайды.</p> <p>Жұбымен бірін бірі</p>	 <p>https://youtu.be/IS-fj8xXNYw?si=5bPNROmVaUuXhKHk</p>
--	---	---	--	--

<p>Сабақтың соңы: 3-4 минут</p>	<p>алмасып тексереді. + 3 балл.</p> <p>7-тапсырма. Сен зерттеушісің. Өзің сызып көр.</p>  <p>Дескриптор: Циркуль және сызғыштың көмегімен үшбұрыш салады. +2 балл.</p> <p>Үй жұмысы: 8-тапсырма.</p> <p>«Бес саусақ» әдісі. Бас бармақ – бүгін қандай тапсырманы орындау қиын болды? Балан үйрек – кімге көмектестің? Ортан терек – көңіл күйің қандай? Шылдыр шүмек – қандай жаңа сөз үйрендің? Кішкене бөбек – толық түсіне алдың ба?</p>	<p>5 минуттың ішінде есепті шығарады, дәптер алмасып тексереді.</p> <p>Циркуль және сызғыштың көмегімен үшбұрыш салады.</p> <p>Үй жұмысын үйде орындайды.</p>	<p>Бағалайды.</p> <p>Бағалау парағы арқылы өз өзін бағалайды.</p> <p>Сабақ үстінде тексеріп, бағаланады.</p>	
-------------------------------------	--	---	--	---

МАЗМҰНЫ

- **АМИРТАЕВА ЖАДЫРА ЕСБОЛАТҚЫЗЫ**
- **ПШАЕВА АДЕМА ЖУМАБЕКҚЫЗЫ**
- **ИБРАЕВА АИЗА ТАШКЕНБАЕВНА**
- **МАХМУДАЕВА РАЗИЯ ПОЧТАНОВНА**
- **СЛАН АЙДАНА САПАРҒАЛИҚЫЗЫ**